



ШРҚ РМҚ Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ



**БЕКІТЕМІН**

Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау мемлекеттік  
университетінің ректоры


А.Талтенов

«  » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

АТТЕСТАЦИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ


СМЖ № 20

Атырау 2017

 <b>АТЫРАУ</b> UNIVERSITY	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
Аттестация туралы Ереже		3 - бет, 13 беттен тұрады

## Мазмұны


1	Жалпы ереже	4
2	Қысқартулар	5
3	Аттестациялық комиссия құрамы мен құзыреттілігі	5
4	Аттестация туралы хабарландыру	6
5	Аттестацияға қатысушылардың құжаттарын қабылдау мен қарау	6
6	Аттестаттаудан өткізу тәртібі	6
7	Аттестациялық комиссияның шешімі	7
8	Аттестацияның қорытынды рәсімдері	7
9	Шағымдану тәртібі	8

	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Аттестация туралы Ереже	4 - бет, 13 беттен тұрады

Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорыны Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің (*бұдан әрі-Университет*) әкімшілік-басқарма қызметкерлері (*бұдан әрі-ӘБК*), профессор-оқытушылар құрамы (*бұдан әрі-ПОҚ*), оқу-көмекші қызметкерлер (*бұдан әрі-ОКҚ*), қызмет көрсетуші және басқа персонал (*бұдан әрі-ҚКЖБП*) және университеттің басқа да құрылымдық бөлімдерінің қызметкерлерінің біліктілік деңгейінің сәйкестігін анықтау мақсатындағы өткізілетін аттестация Ережесі

## 1 Жалпы ереже

- 1.1 Осы ереже Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашаданғы № 414-V Еңбек Кодексінің 139 бабының 7 тармағына және университеттің ұжымдық шартының 2 тарауының 2.7, 2.8, 2.9 бөліктеріне сәйкес жасалды.
- 23.11.2015 жылғы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 53 бабының 3 бөлігіне сәйкес аттестация университеттің әкімшілік-басқарма қызметкерлері, профессор-оқытушылар құрамының, оқу-көмекші қызметкерлерінің, қызмет көрсетуші персоналдарының, университеттің басқа да құрылымдық бөлімдері қызметкерлерінің атқарып отырған лауазымына және атқарып отырған қызметінің біліктілік деңгейіне сәйкестігін анықтау үшін өткізіледі.
- 1.2 ПОҚ, ӘБК, ОКҚ, ҚКЖБП және университеттің басқа да құрылымдық бөлімдерінің қызметкерлерінің атқарып отырған лауазымына және атқарып отырған қызметінің біліктілік деңгейінің сәйкестілігін анықтаудағы аттестацияның негізгі мақсаттары:
- 27.07.2007 ж. ҚР «Білім туралы» Заңының, ҚР БҒМ №338 13.07.2009 ж. Бұйрығының, ҚР ЕЖХӘҚМ №201-о-м 21.05.2012ж. «Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» Бұйрығының, Университет Жарғысының, лауазымдық нұсқаулықтардың және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ұжымдық шартының негізінде ӘБК, ПОҚ, ОКҚ, ҚКЖБП құзыреттілік деңгейі негізінде біліктілік талаптарын анықтау;
  - ӘБК, ПОҚ, ОКҚ, ҚКЖБП қызметтерін дәйектеме аясында кеңейту, жеке жетістіктерін жоюлар;
  - кәсіби қызметіне баға беру қорытындысы арқылы қызметкерлердің атқарып отырған лауазымдарына сәйкестігін растау;
  - қызметкерлердің білім беру және шығармашылық әлеуетін ұтымды пайдалану қабілеттілігін нақтылау;
  - кәсіби деңгейін арттыру, кадрларды даярлау, іріктеу, орналастыруды оңтайландыру;
- 1.3 Атқарып отырған лауазымына және атқарып отырған қызметінің біліктілік деңгейінің сәйкестілігіне өткелі отырған қызметкерге жан-жақты шынайылық пен алқалылық, адамгершілік және мейірбан қозқарыспен қарау аттестацияның негізгі қағидаларына жатады.
- 1.4 ПОҚ-ң лауазымдық құрамдарына декан, кафедра меңгерушісі, профессор, доцент, Phd докторлар, магистрлар, аға оқытушы, оқытушы (*ассистент*).
- 1.5 Атқарып отырған лауазымына сәйкес ПОҚ қызметкерлері аттестациядан әр 5 жыл сайын өтулері тиіс, ӘБК, ОКҚ, ҚКЖБП қызметкерлері 3 (үш) жылда 1 (бір) рет аттестациядан өтеді. Негізді себептердің (*студенттер, ата-ана, басқа да жеке және заңды тұлғалардың тарапынан арыз*) болуына байланысты жұмыс беруші аттестацияны мерзімінен бұрын өткізе алады.
- 1.6 Осы Ережеде төмендегі терминдер мен анықтамалар қолданылады:
- 1) Атқарып отырған лауазымына және атқарып отырған қызметінің біліктілік деңгейінің сәйкестілігіне аттестация - ӘБК, ПОҚ, ОКҚ, ҚКЖБП қызметкерлерінің біліктілік деңгейінің кәсіби талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;

	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Аттестация туралы Ереже	5 - бет, 13 беттен тұрады

2) Қызметкерді тестілеу - олардың білім деңгейін, біліктері мен дағдыларын бағалау. Сабақ беретін пәндері бойынша берілетін тест тапсырмалары оқытушының біліктілік деңгейін анықтап, олардың атқарып жүрген лауазымына сәйкестігі, кәсіби дағдысы бағаланады.

3) Өңгімелесу, қойылған сұрақтарға жауап алу - ӘБҚ, ПОҚ, ОКҚ, ҚКЖБП атқарып отырған лауазымына сәйкестігін анықтау аттестацияны өткізу рәсімінің бір түрі;

4) Қызметінің қорытындысын талдамалық жинақтау - ӘБҚ, ПОҚ, ОКҚ, ҚКЖБП кәсіби құзыреттілігіне баға беру жүйелілік, кезектілік, олардың кәсіби қызметін жан-жақты зерттеу аттестациядан отудің бірден бір кезені.

1.7 Аттестацияға жатпайтындар:

- 2 жылдан кем емес атқарып отырған лауазымында жұмыс жасап отырған қызметкерлер;

- аяғы ауыр әйелдер, жүктілігіне не бала тууына байланысты демалыста отырған әйелдер;

- 3 жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне байланысты демалыстағы қызметкерлер.

- уақытша лауазымдық орнын басқан қызметкерлер;

- іссапардағы, мамандығы бойынша шетелде тағылымдамадан өтіп жатқан қызметкерлер. 2 жылдан кем емес бала күтіміне байланысты демалыстан шыққан қызметкерлер баласы 3 жасқа толғанша;

1.8 Зейнеткер жасындағы бір оқу жылына жұмысқа алынған қызметкерлер атқарып отырған лауазымы мен атқарып отырған қызметіне аттестациядан өтпейді.

1.9 Жаңа қызметке ауысу кезінде педагогикалық саладағы аттестациялық комиссияның шешімінің заңдық күші жоқ.

## 2 Қысқартулар

АМУ - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті;

ӘБҚ - Әкімшілік-басқарма қызметкерлері;

ПОҚ -Профессор-оқытушылар құрамы;

ОКҚ-Оқу-комекші қызметкерлер;

ҚКЖБП-Қызмет көрсетуші және басқа персонал

## 3 Аттестациялық комиссия құрамы мен құзыреттілігі

3.1 Атқарып отырған лауазымына және атқарып отырған қызметінің біліктілік деңгейінің сәйкестілігіне ӘБҚ, ПОҚ, ОКҚ, ҚКЖБП аттестациялық комиссия саны мен дербес құрамын, мерзімін және құзыреттілігін анықтауды Ғылыми кеңесте ректордың бұйрығымен бекітіледі. Комиссия төрағасы болып Оқу ісі жөніндегі Проректор тағайындалады. Комиссия құрамына сала бойынша барлық проректорлар, төраға орынбасары болып HR-адами ресурстарды дамыту департаментінің директоры, комиссия хатшысы болып кадр бөлімінің бастығы тағайындалады. Комиссия құрамына проректорлар,департамент директоры, кәсіподақ ұйымының өкілі, комиссия хатшысы ғылыми кеңеспен бекітілген басқа да қызметкерлер кіруі мүмкін. Аттестация комиссия құрамының мүшелері 7 адамнан кем болмауы тиіс.

3.2 Аттестациялық комиссия мүшелері тек саннан болуы керек. Аттестациялық комиссия мүшесі болып танылатын қызметкер өзі аттестацияланған кезде дауыс беруге қатыспайды.


3.3 Аттестациялық комиссия аттестацияның нысанын, өту барысын, аттестацияның өткізілу уақытын анықтайды. Аттестациялық құжаттарға анализ жасайды, аттестация қорытындысына шешім шығарады.

3.4 Аттестациялық комиссия жұмысының негізгі мақсаттары болып:

1) аттестацияның заңдылығын қамтамасыз ету;

2) аттестацияға қатысушылардың бәріне тең мүмкіндіктер жасау;

3) жан-жақты және ашық түрде аттестацияның өткізілуіне қадағалау жүргізу;

	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
Аттестация туралы Ереже		6 - бет, 13 беттен тұрады

#### 4 Аттестация туралы хабарландыру

4.1 Атқарып отырған лауазымына және атқарып отырған қызметінің біліктілік деңгейінің сәйкестілігіне ӘБҚ, ПОҚ, ОКҚ, ҚКЖБП қызметкерлері жылына кемінде 2 рет университет ректорының бұйрығымен хабарланады.

4.2 Атқарылып отырған лауазымына сәйкестігіне откелі отырған қызметкерлердің тізімін адам ресурстарын дамыту департаментінің-HR директоры мен және соңғы откен аттестация мерзімін ескере отырып, проректорлардың ұсынысымен анықталады. Аттестациядан откелі отырған қызметкерлердің тізімі анықталғаннан кейін ректордың атына ұсыныс беріледі.

4.3 ӘБҚ, ПОҚ, ОКҚ, ҚКЖБП қызметкерлері лауазымына байланысты бекітілген штаттық кестеге және еңбек шартына сәйкес, жұмысқа орналауу туралы бұйрықтың негізінде аттестациядан отеді.

4.4 Аттестацияның откізілу уақытын университеттің кадр бөлімінің басшысы қызметкерлерге откізу мерзімінен бұрын, 20 күннен кешіктірілмей хабарлауу тиіс.

#### 5 Аттестацияға қатысушылардың құжаттарын қабылдау мен қарау

5.1 Аттестацияға қатысушы тұлға жұмыс берушінің атына өзінің жазбана түрде арызын береді. Арызға келесі құжаттар тіркеледі:

1) кадр бөлімінен жеке паракша;

2) өмірбаян;

3) мінездеме;

4) жоғары оқу білімі туралы дипломның, академиялық және ғылыми дәрежесі туралы, ғылыми және академиялық атағы туралы аттестатының көшірмелері;

5) қайта даярлау және біліктілік арттыру *(болған жағдайда)* сертификаттарының көшірмесі, соңғы үш жылдағы қосымша пәндер бойынша қайта даярлаудан оту құжаттарының көшірмесі;

6) кафедра ұсынып отырған оқытушыларының соңғы оқу жылындағы құжаттары *(болған жағдайда)*;

5.2 ПОҚ аттестацияға откізген құжаттары алдын-ала өздеріне қатысты кафедра мәжілісінде қаралған және осы мәжілісте ұсынуу туралы қорытынды береді.

Аттестацияға қатысушы тұлғалар өзінің осы кезге дейінгі ғылыми-педагогикалық қызметі туралы кафедра мәжілісіне есеп береді.

5.3 Аттестациялық комиссияға ӘБҚ, ОКҚ, ҚКЖБП өздерінің тікелей қызмет бөлімінің бастығы дәйіктеме қорытынды береді.

5.4 Кафедраның қорытындысы әрбір үміткерге анық немесе жабық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен аттестациялық комиссияға жолданады.

5.5 Кафедрадағы штаттық оқытушылардың 2/3кем емес мүшелері қатысқан жағдайда кафедраның қорытындысы дұрыс деп саналады.

5.6 Аттестацияға қатысушылар кафедра мәжілісіне қатысуға құқылы және өздерінің қанауымен мәжіліс қорытындысымен таныса алады.


5.7 Егер қызметкер аттестациядан отетінін біле тұра себепсіз отуден бас тартқан жағдайда, онда еңбек шарты тоқтатылады.

#### 6 Аттестаттаудан откізу гәртібі


6.1 Атқарып отырған лауазымына және атқарып отырған қызметінің біліктілік деңгейінің сәйкестілігіне үміткерлер ӘБҚ, ПОҚ, ОКҚ, ҚКЖБП қызметкерлерінің лауазымдық біліктілік мінездеме талаптарына сай аналитикалық жалпылау жолымен қызметін қорытындылау.

6.2 Аттестацияның откізу кезінде қызметкерлердің атқарып отырған лауазымына сәйкестігі расталады, сонымен қатар кәсіби құзыреттілік дәрежесі жан-жақты бағаланады:

- қызметкерлердің осы уақытқа дейінгі ғылыми-педагогикалық және кәсіби

	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші 7 - бет, 13 беттен тұрады
---	---	--

- қызметтерінің, сонымен қатар ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы туралы динамикалық қорытындылары;
- білім беру бағдарламасының сапасын көтеруге, оның өзектілігі мен қолданбалылығына интеграция негізінде ғылыми, білім, тәрбие, ғылыми және инновациялық қызметте ізденіс жұмыстарымен өз үлесін қосу;
  - перенективалық бағыттарда іргелі және қолданбалы ғылым саласында ғылыми жетістіктерді енгізуге және оқу үдерісіне университеттің ғылым-білім ортасын жетілдіруге ықпал етуге өз үлесін қосу;
  - инновациялық білім беру, ғылыми және тәрбие беруді қалыптастыруға бағытталған университеттің даму бағдарламасын жүзеге асыруға қатысу;
  - дербес кәсіби оқу нәтижесі, біліктілікті көтеру және жеке оқу жоспарының орындалуы, оқу-әдістемелік, ғылыми және тәрбие жұмыстары;
- 6.3 Аткарып отырған лауазымына және атқарып отырған қызметінің біліктілік деңгейінің сәйкестілігіне НОҚ әңгімелесу, емтихан, тест, сұрақ қою түрінде жүргізіледі. Оқытушылардың соңғы 3 жылда барлық жетістіктері көрсетіліп жинақталған папкасы немесе портфолиясын қарау, НОҚ қойылатын сұрақтар өздерінің пәндеріне сәйкес қойылуы керек. Оқу, ғылым және тәрбие үрдісін ұйымдастыру және басқа да білім және ғылым саласынан сұрақтар қойылып, осыған байланысты үміткердің білімі тексеріліп кәсіби тиімді мінездемеге сәйкестігі анықталады.
- 6.4 Әңгімелесудің мақсаты үміткерлердің кәсіби және жеке сапасын тиімді дәрежеге мінездемесіне сай бағалау, атқарып отырған лауазымына сәйкестігін анықтау ЖОО ерекшелігі болып танылады.
- 7 Аттестациялық комиссияның шешімі**
- 7.1 Аттестациялық комиссияның отырысында әрбір үміткерге кафедраның және басқа да құрылымдық бөлімшелердің қорытындысы жарияланады. Қажетті жағдайда тікелей басшысы не оның орнындағы тұлғаның пікірі тыңдалады.
- 7.2 Аттестациялық комиссия ашық дауыс немесе (жабық) беру арқылы қызметкерді бірдей бюллетеньге ұсынуға, ол осы Ережеге қосымша ретінде атқарып отырған лауазымына сәйкестігі (сәйкестігі емес) бойынша аттестацияда жасырын дауыс беруге ұсынылады.
- 7.3 Аттестация комиссия мүшелері қызметкердің атқарып отырған лауазымына келісушілік немесе келіспеушілікті әрбір үміткердің аты жөнін көрсету арқылы «сәйкес» немесе «сәйкес емес» деген сөздермен білдіреді.
- 7.4 Аттестациялық комиссияның дауысын есептеуге жасырын дауыс берудің алдында есеп комиссиясын сайлайды, оның құрамы 3 адамнан кем болмауы тиіс. Әрбір үміткерге есеп комиссиясы дауыс берудің қорытындысын жариялайды. Есеп беру комиссиясының хаттамасы аттестациялық комиссиямен бекітіледі және аттестация құжаттарына тіркеледі. Аттестациялық комиссия хаттамасының көшірмесі қызметкердің жеке іс құжаттарына тіркеледі.
- 7.5 Аттестациялық комиссия мүшелерінің көпшілік дауысын иеленген үміткер осы Ереженің тәртіптерін сақтай отырып жасырын дауыс беру арқылы шешілген аттестациялық комиссияның шешімі түпкілікті болып саналады.
- 7.6 Жасырын дауыс беру қорытындысына сай аттестациялық комиссия әрбір үміткерге еңбек шартын ұзарту не жаңа еңбек шартын бекіту туралы ЖОО ректорына «ұсынылады». Аттестациялық комиссия шешімі қызметкердің атқарып отырған лауазымына сәйкес емес деп анықталған жағдайда әрбір үміткерге еңбек шартын бұзу туралы немесе өз лауазымынан төмендету туралы ЖОО ректорына «ұсынылады».
- 8 Аттестацияның қорытынды рәсімдері**
- 8.1 Университеттің аттестация комиссиясы әрбір қатысушыға келесідей шешімдер

	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Аттестация туралы Ереже	8 - бет, 13 беттен тұрады

шығарады:


1) Атқарып отырған жұмысы мен қызметіне сәйкес

*(лауазымы)*






2) Атқарып отырған жұмысы мен қызметіне сәйкес емес

*(лауазымы)*

- 8.2 Аттестациялық комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделеді. Аттестациялық комиссияның хатшысы аттестация қорытындысы мен ұсыныстары туралы қатысушыларына таныстырады.
- 8.3 Дауыс беруге қатысқан комиссия төрағасы, хатшысы және аттестациялық комиссия мүшелері хаттамаға қол қояды.
- 8.4 Комиссия отырысында қатысқандардың саны 2/3 құрамда болса, комиссия шешімі қабылданды деп саналады.
- 8.5 Дауыс берудің қорытындысы комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен анықталады. Тең дауыс берілген жағдайда университеттің аттестациялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 8.6 Университеттің аттестациялық комиссия отырысының хаттамасы негізінде ректордың бұйрығы қабылданады. Бұйрықтың көшірмесі аттестацияланушының жеке іс қағаздарына тіркеледі. Ұсынылған құжаттар аттестациялық комиссия откізілгеннен кейін тікелей қатысты басшыларға сақталуға қайтарылады.
- 8.7 Аттестацияның қорытындысы бойынша еңбек шартын ұзарту туралы ұсыныс беріледі. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі негізінде қызметкерлердің аттестациядан өте алмаған жағдайда еңбек шарты бұзылады.
- 8.8 Еңбек шартының мерзімі осы жылдың шілдесінде бітетін аттестациядан өткен қызметкерлермен келесі оқу жылында ваканттық лауазым орындары бос болған жағдайда ғана еңбек шарты жасақталады.
- 8.9 Оң мінездемелер мен пікірлер негізінде қызметкердің лауазымын жоғарылатуға ұсынылуы мүмкін.
- 8.10 ҚР Еңбек Кодексінің 52 бабының 1 бөлігінің 4 тармағы негізінде ӘБК, ПОҚ, ОКҚ, ҚКЖБП лауазымдарының өз орындарын басуы немесе біліктілігінің жеткіліксіздігі себепті, атқарып отырған қызметінен аттестациялық комиссия шешімінің еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасымен қызметкердің Еңбек шарты 1 айдың ішінде бұзылуға жатады.
- 8.11 Аттестацияның белгіленген мерзімі сақталмаған жағдайда аттестация жаңадан өткізілуі мүмкін.
- 8.12 Аттестацияға себепті жағдайлармен қатыса алмаған қызметкер туралы мәліметті адам ресурстарын дамыту департаменті-HR директоры аттестациялық комиссияға қажетті, дәлелді құжаттарды береді.
- 9 Шағымдану тәртібі**
- 9.1 Аттестацияға қатысушылар аттестация комиссиясының шешіміне келіспеушілік жағдайында ЖОО ректорына немесе сот тәртібімен шағымдануға құқығы бар.
- 9.2 Аттестация комиссия мүшелерінің шешіміне қатысты түскен шағымдарды ЖОО ректоры қарап, осы Ереженің талаптары сақталмаған жағдайда аттестация комиссия мүшелерімен қабылданған шешімнің күші жойылуы мүмкін.
- 9.3 ЖОО ректордың ұсынысын жаңа аттестациялық комиссия құрамымен қайтадан отырысқа қарайды. Осы отырыста қаралған аттестация құрамының шешімі бұрынғы шешімді жарамсыз деп таниды не оны өзгеріссіз қалдырады.
- 9.4 Аттестацияға қатысушылар, сонымен қатар ЖОО ректоры аттестация құжаттарымен және оның қорытындысымен танысуға құқығы бар.

	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Аттестация туралы Ереже	9 - бет, 13 беттен тұрады


### Келісу парағы

Лауазымы	Т.А.Ә.	Келісу күні	Жеке қолы
1	2	3	4
Бірінші проректор-стратегиялық дамыту және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор м.а.	А.Шилибекова	_____ 20_ж.	 (КОЛЫ)
Оқу ісі жөніндегі проректор м.а.	Г.Джарасова	_____ 20_ж.	 (КОЛЫ)
Ғылым жөніндегі проректор м.а.	С.Идрисов	_____ 20_ж.	_____ (КОЛЫ)
Адам ресурстарын дамыту департаментінің-HR директоры	М.Губайдуллин	_____ 20_ж.	 (КОЛЫ)
Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы	Қ.Сүндетұлы	_____ 20_ж.	 (КОЛЫ)
Сапа менеджменті жүйесі қызметінің бастығы	Д.Кенжахметов	_____ 20_ж.	 (КОЛЫ)
Заңгер-кеңесші		_____ 20_ж.	_____ (КОЛЫ)
		_____ 20_ж.	_____ (КОЛЫ)







	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Аттестация туралы Ереже	12 - бет, 13 беттен тұрады

**№1 Қосымша**

**ӨТІНІШ**

Лауазымдағы өз орнымды жалғастыру үшін аттестациядан өткізуіңізді сұраймын \_\_\_\_\_  
*(лауазымы)*

ІІЖҚ РМҚ Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті қызметкерлерінің аттестация ережелерімен танысып,


Аттестация негізі деп келесі нәтижелерді санаймын:  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_

Өзім туралы төмендегідей мәліметтерді хабарлаймын:

Білімі \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
*(бітірген жоғарғы оқу орнының атауы, бітірген жылы, қандай мамандық)*

Мамандық бойынша еңбек өтілі \_\_\_\_\_  
 Осы лауазымдағы еңбек өтілі \_\_\_\_\_  
 Осы оқу орнындағы еңбек өтілі \_\_\_\_\_  
 Наградалар, атақтар, ғылыми дәреже, ғылыми атақтар  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ А.Ә.Т.  
*(қолы)*  
 «\_\_» \_\_\_\_\_ 201 ж.

	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Аттестация туралы Ереже	13 - бет, 13 беттен тұрады

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің *(бұдан әрі-Университет)* әкімшілік-басқарма қызметкерлері *(бұдан әрі-ӘБК)*, профессор-оқытушылар құрамы *(бұдан әрі-ПОҚ)*, оқу-көмекші қызметкерлер *(бұдан әрі-ОКҚ)*, қызмет көрсетуші және басқа персонал *(бұдан әрі-ҚКжБП)* және университеттің басқа да құрылымдық бөлімдері қызметкерлерінің атқарып отырған лауазымына қызметінің біліктілік деңгейінің сәйкестігін анықтау мақсатында өткізілетін аттестациялаудың қағидалары мен шарттарын бекіту туралы.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 139 бабының 7 тармағына және университеттің Ұжымдық шартының 2 тарауының 2.7, 2.8, 2.9 бөліктеріне сәйкес

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса бекітілсін:

1) Осы бұйрыққа сәйкес университеттің ПОҚ, ӘБК, ОКҚ, ҚКжБП лауазымдарына сәйкестілігін анықтау мақсатында аттестациялаудың қағидалары мен шарттарын бекіту туралы.

2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау адам ресурстарын дамыту департаментінің-HR Директорына белгіленген тәртіпте қамтамасыз етілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау университеттің Оқу ісі жөніндегі проректорына жолдансын.

4. Осы бұйрық 2017 жылдың « \_\_\_\_ » қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Ректор

**А.А.Талтенов**

### **МАҚҰЛДАНДЫ:**

Бастауыш кәсіподақ ұйымының  
торағасы

**Қ. Сүндетұлы**